

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№2 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SKTF9148>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/JQJX9164>

***А. А. Әбсадық¹, А. Б. Саулебаева²**

¹А. Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті,
Қазақстан Республикасы, Қостанай;

²М. Қозыбаев атындағы № 23
жалпы білім беретін мектебі»,
Қазақстан Республикасы, Қостанай

*e-mail: absalmas@mail.ru

ТӘУКЕ ХАН ЖӘНЕ ЖЕТІ БИ («КҮЛТӨБЕНІҢ БАСЫНДА КҮНДЕ КЕҢЕС» АТТЫ МӘТЕЛ СӨЗДІҢ АСТАРЫ)

Қазақ хандығының негізін қалаған, мемлекетті ұрыс майданы мен саясат сахнасында қарудың, яки болмаса дипломатияның күшімен қорғаған хан-сұлтандар, би-батырлардың ерлік істері, қажырлы қайраты, атқарған істері тарихи жазбалармен қатар фольклорлық туындыларда сақталып жетті. Бұл тұрғыда ақпараттық-танымдық функциясы басым аңыз әңгімелердің маңызы ерекше.

Ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тарап, қоғамның дамуында сан мәрте кезеңдік сүзгіден өткен кейбір аңыздарда болған оқиганың шындығы көмескеленіп, тұтастанып, ел тарихының елеулі бір кезеңдерінен нышан беретін мақал-мәтел сөздер арқылы айшықталды. Сондай мәтел сөздің бірі – «Күлтөбенің басында күнде кеңес» атты тұрақты сөз тіркесі. Аталған мәтел сөздің хабар-деректік сипатында Тәуке хан бастамасымен құрылтай шақырылып, онда «Жеті жарғы» заң-жосығы қабылданғаны туралы мазмұн орын алған. Оны бекітуге қазақ Ордасынан үш би, Қатаған, Жайма руының өкілдері және туыстас қырғыз, қарпақалпақ халықтарының басшылары – барлығы жеті би қатысады.

Заң жоралғының «Жеті жарғы» атануының да басты себебі де – осы. «Жарғы» сөзінің мағынасы қалмақ тілінде әкімші (администратор) дегенді білдіреді. Жеті би – өздеріне тиісті ру-тайпалық бірлестікте ханның өкілі, құрылтайда бекітілген бітім-заң ережелерін қадағалаушы. Аңыз мазмұнында олар «іс бітірушілер» деп аталады.

«Күлтөбе басында күнде кеңес» – бітім-заң жоралғыларын бекітумен қатар Қазақ хандығына, тіптен тұтас Орта Азияға қауіп төндіре бастаған Жоңғар шапқыншылығына қарсы тұру үшін қоршілес түркі халықтарымен саяси одақ құрған тарихи оқиғаның наші еткен құрылтай. Сол тарихи оқиғаның халық жадындағы жаңғырығы «Күлтөбенің басында күнде кеңес» деген мәтел сөзбен шегенделген. Мәтел сөздің мағынасын ашу Қазақ хандығының саяси тарихынан тануға септігін тигізеді.

Кілтті сөздер. Қазақ хандығы, Жеті жарғы, қырғыздар, қарақалпақтар, құрылтай, саяси жағдай.

Кіріспе

Жазба деректер көзі көршілес елдердің мұрағаттарында көбірек кездесетіндіктен және ел тарихы туралы төл жазба мәліметтерден гөрі фольклорлық деректер мол сақталғандықтан Қазақ хандығының тарихын зерттеуде халықтық мұралардың да маңызы бар екендігін үнемі ескеру қажет. Бұл орайда халық аңыз-әңгімелерінің орны ерекше. Аңыздарда қазақ руханиятының көркемдік ерекшеліктері мен дүниетанымдық мазмұн орын алуымен қатар ұлт пен мемлекеттің қалыптасуы мен оның дамуы жолында болған тарихи оқиғалар мен айтулы тұлғалар туралы ақпараттар да сақталған.

Ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тарап, ғасырлар бойы уақыт тезіне түскен аңыздардың кейбір үлгілері тарихи тұлғалар мен оқиғаларды тұтастандырып, ел тарихының елеулі бір кезеңдерінен хабар беретін мақал-мәтелдермен айрықша айшықталған аңыздар болып қалыптасты. Солардың бірі Тәуке ханның тұсында орын алған саяси оқиғаның сұлбасы бейнеленген, оқиғаға қатысқан кісілердің аты аталатын «Күлтөбенің басында күнде кеңес» атты мәтел сөзбен айшықталатын аңыздық дерек.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Тәуке ханның саяси қызметімен байланыстырылатын «Күлтөбенің басында күнде кеңес» мәтелдік үлгідегі аңыздар қазақ фольклорының мұрасында, шешендік сөздер үлгісінде көп кездеседі. Қазақ фольклорын жинаған орыс зерттеушілері мен қазақ оқымыстыларының шежірелік, тарихи еңбектерін де мәтел сөз жиі мысалға алынады. Аңыз мазмұнын ғылыми саралауға тарихи-салыстырмалы, типологиялық сараптама, гипотеза (болжамдау) әдістер-тәсілдері қолданылды. Тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы аңыздың мазмұнына арқау болған тарихи оқиғалар мен оның кейіпкерлері туралы мағлұматтар зерделенеді. Типологиялық сараптама әдісі аңыздың көркемдік белгілері мен ерекшеліктерін тереңірек талдауға мүмкіндік ашады. Зерттеуде ғылыми мәні бұрынғы зерттеулерге қарағанда өзгеше сипаттағы гипотеза ұсынылады.

Талқылау және нәтижелер

Қазақ хандығы тұсында орын алған тарихи оқиғалар мен сол кезеңде өмір сүрген тұлғалар туралы аңыздарды жинау, оны баспа бетінен жариялау және зерттеу жұмыстарының бастау арнасы қазақ даласы толығымен Ресей империясының құрамына енген кезеңнен басталады.

Империяның құрамындағы далалық өлкелерді аймақтық негізде басқару үшін патша әкімшілігі Орынбор, Омбы, Астрахань, Ташкент сынды бірнеше орталықтар құрды. Аталған орталықтардағы әкімшілік лауазымдық тұлғалар мен жекелеген зерттеушілер қазақ даласына экспедициялар ұйымдастырып, қазақ халқының тарихы туралы, дала заңы мен әдет-ғұрпы, сондай-ақ фольклорлық мұраларын жинап баспа бетінен жариялауға ұмтылады. Бұл үрдіске Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин сынды қазақтың орысша білім алған оқығандары да үн қосып, XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Халид Құрбанғали сынды шығыстық-мұсылмандық білімі мол қазақ оқымыстылары халық аңыздары мен шығыстық жазба деректерге сүйене отырып қазақ тарихы туралы еңбектер жазады, пікірлер білдіреді.

1882 жылы Батыс Сібір генерал губернаторы Семей облысының уезд басшыларына қазақ даласының заң жоралғыларын жинау туралы тапсырма береді. Сол тапсырманың негізінде Семей облысы статистикалық комитетінің мүшесі П. Е. Маковецкий 1886 жылы Омбы қаласында «Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. Материальное право» атты еңбек жариялайды. Жинаққа арқау болған материалдар Қарқаралы, Павлодар, Семей уездерінен жиналады. Зерттеуді ұйымдастырушылар қазақтың сол кездегі қолданысындағы заңдық ғұрыптардың басым көпшілігі Әз-Тәуке хан тұсында орныққаны айтылады: «Предание говорит, что хан Тауке собрал на уроч. Куль-Тюбе (в нынешней Сырдарьинской области) семь биев, в числе которых был знаменитый Туле Алимбеков, и эти бии соединили старые обычаи ханов Касыма и Ишима («Касым ханнын каскы джол, т.е. чистая дорога Касым хана, «Исым ханнын иски джол, т.е. древняя дорога хана Ишима) в новые обычаи, называемые «джети джарга». Эти обычаи не были записаны, но составители облекли их в форму кратких изречений и пословиц, в значительной части сохранившихся до сих пор между киргизами и пользующихся всеобщими уважением» [1, 2-б.].

П. Маковецкийдің жинағына енген Тәуке хан туралы аңыз дерегін Сырдария облысының әскери генерал губернаторы (1883–1892) Н. Гродеков 1889 жылы Ташкентте жариялаған «Киргизы и каракиргизы Сыр-дарьинской области. Юридический быт» еңбегіне пайдаланып, оны өзі билік құрған өңірде айтылатын аңыз мазмұнымен толықтырады. Ол былай деп жазады: «При Тауке-хане собрались семь биев, «джети джаргыш», или, верне, «джети

джаргы», то есть семь сотрудников (иш биттиретугун). В числе их было три знатных бия, по одному из каждой орды: из Великой – Туле, Средней – каз даусты Казбек, из Малой – Айтеке. Что Туле Алибеков (а не Алимбеков) и остальные бий соединили обычай ханов Ишима и Касыма» [2, 25-б.].

Аңыз дерегінде «Жеті жарғыны» қабылдаған жеті биді «жеті жарғышы» деп атап, олардың қандай міндеттер атқаратыны да аталып өтеді, яғни олар – «іс бітіруші» (орындаушы – авт.) қызметкерлер. Н. Гродеков жеті бидің қатарындағы үш кісі – Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билер қазақтың үш ордасынан болғандығын нақтылайды және Төле бидің әкесінің есімін «Әлімбектен» «Әлібекке» деп түзейді. Төле бидің Ташкентте билік құрғанын ескерсек, сол қалада патша билігін жүргізген генерал-губернатор Н. Гродековтің атақты бидің және өлке тарихынан мол хабардар болғаны күмансыз.

Орыс үкіметінің тарапынан қазақ тарихы мен әдет-ғұрпына байланысты жүргізілген зерттеулер мен жарияланған жинақтар қазақ арасындағы тарихшы-шежіреші, оқымысты ақын кісілердің қазақ тарихын зерттеуге деген ықыласын арттырады. Олардың қатарынан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлының есімдерін айрықша атап өтуге болады.

Қазақ шежірешілері ел арасына кең тараған «Күлтөбенің басында күнде кеңес» атты мәтел сөзді Тәуке ханның есімімен байланыстырып, оны халықты жақсы басқарған, қазақ жұртына жаңа бітім жолын жасаған билеуші деген баға береді. Айталық, қазақ шежіресінің білгірі Мәшһүр Жүсіп: «Салқам Жәңгірден кейін Өз Тәуке деген хан болды. Мұның өзі ақылды, табанды кісі болды. «Байсалды айғырдың үйірін ат жақтайды» дегендей, халықты жақсы басқарды. «Күлтөбенің басында күнде кеңес» – осы Өз Тәуке тұсында айтылған сөз» [3, 123-б.], – дей келе, «...Бұл Тәуке де терең ойлы, толық мұлы дөкей, ірі хан болды. Мұның заманында Ұлы жүзде – Төле би, Орта жүзде – Қазыбек би, Кіші жүзде Алшын Әйтеке [би] болды» [3, 163-б.], – деп жазады.

Ал Қазақ хандығының тарихы арнайы зерттеу жазған Шәкәрім Құдайбердіұлы шежіресінде Тәуке ханның қазақ тарихында алатын орнына мынадай баға береді: «Есім ханның ескі жолы» деген жолдан кем қалған бітім жолдарды түзеткен осы еді. «Күлтөбенің басында күнде кеңес» деген жол бітім сол еді» [4, 25-б.]. Мұнда аталған «бітім жолы» – қазақ арасында билік тізгінін ұстаған кісінің дау-дамайды, ұрыс-жанжалды шешу барысында жүгінетін заң жоралғы үлгілері.

Патшалық Ресей билігі кезеңінде қазақтың ішкі дау-дамайының билігі хан-сұлтандардан ауып, рубасы билердің еншісіне өтеді. Дауды шешуде ежелден келе жатқан әдет-ғұрыпқа сүйеніп шешетін қазақ жұртында бітім шығаратын кісі қазақтың ертеден келе жатқан әдет-ғұрпынан мол хабардар болуға тиіс болды. Мұны хәкім Абай да атап өткен: «Бұл «билік» деген біздің

қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келе бермейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», Әз-Тәуке ханның Күлтөбенің басында күнде кеңес болғанда (ғы) «Жеті жарғысын» білмек керек. Әм сол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендіктен ескіріп, бұл заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек...» [5, 321-б.].

Этнографиялық материалдар мен фольклорлық туындылардың мазмұнына қарағанда ертедегі қазақ арасында негізінен төрт түрлі даудың болғандығы байқалады. Олар: жер, жесір, құн, мал дауы. Демек, Тәуке – қазақ руларының көш-қон, ер кісі (патрирхат) мүддесіне бағындырылған рулық ұстаным, кісі құқығы, материалдық құқық мәселерін шешу жолын белгілеген хан.

Қазақ тарихын зерттеушілер жоғарыда аталған аңыздар мазмұнында кездесетін «жеті жарғышы», яғни іс бітірушілер деген түсінікті терең талдамай, «жарғы» сөзінің қазіргі таңдағы «ереже, устав» деген ұғымына көп көңіл бөледі.

«Жеті жарғыны» қабылдауға атсалысқан жеті бидің үшеуі әбден белгілі. Олар – Төле, Қазыбек, Әйтеке билер. Қалған төртеуі кімдер еді?

XX ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ тарихы туралы толымды зерттеу еңбек жазған Алаш қайраткері, тарихшы М. Тынышбаев Сырдария облысы Әулиеата уезін жайлайтын Шымыр руы ақсақалдарынан жазып алған аңызды тілге тиек ете келе, «Жеті жарғыны» қатысуға қазақтың үш биімен қоса қырғыздан Қоқым, қарқалпақтан Сасық, кішігірім Қатаған, Жайма руының би-көсемдері қатысқан деген дерек келтіреді [6, 89-б.].

Келтірілген деректерге сүйене отырып, «Жеті жарғыны» қабылдауға қатысқан билердің қатарын былайша түзеуге болады: Ұлы жүзден – Төле би, Орта жүзден – Қазыбек би, Кіші жүзден – Әйтеке би, қырғыздан – Қоқым би, қарақалпақтан – Сасық би және Қатаған мен Жайма рудан – екі би. Өкінішке қарай, соңғы екі бидің есімдері бізге жетпеген. Демек, Тәуке хан Шыңғыс тұқымы билік құрған Қазақ хандығының шаңырағына тұрмыс-тіршілігі бір-біріне жақын, көшпелі қырғыздар мен қарақалпақтарды және Ер Есімнің тұсында Тұрсын ханға болысып жауласқан Қатаған мен Жайма руымен өкпе-ренішті жойып, барлығын бір тудың астына жинай алған. Мұндағы мақсат – «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратындай» бірлікпен, қауіпті Жоңғар хандығына тегеуірінді тойтарыс беру еді.

Жеті бидің қатарынан қырғыз бен қарақалпақ өкілдерінің орын алуының сол заманның шындығынан туындаған тарихи негіздері бар. Өйткені қырғыз бен қарақалпақ ертеден сыртқы жауға Қазақ хандығымен бірге тізе қосып күрескен еді. Айталық, Тәукенің атасы Есім хан қазақтардың қалмақтарға қарсы жорығында, сонымен қатар Тұрсынмен болған күресте қырғыздармен

одақ құрады. Ш. Уәлиханов Күнгей Алатаудың шығысындағы Санташ асуында тастан үйілген қорған қырғыз халқының аңыздарында Есім ханның қалмақты жеңген құрметіне қойылған белгі екендігін жазады [7, 326-б.].

Қалмақтарға жасаған жорықтан кейін Есім хан Ташкентті билеген Тұрсынмен соғысады. Оған одақтас Көкім би бастаған қырғыздар көмек қолын созады. Тұрсынды жеңгеннен кейін Есім хан Көкім биге Ташкент қаласында қазақ пен қырғыздың одағының рәмізіндей бағаланатын мұнара соқтырады [8, 77-б.].

Қазақ аңыздарындағы «Жеті жарғыға» қырғыздардан қатысқан Қоқым би осы «Көкім би» болса керек. Кісілердің өмір сүрген тарихи мезгілдерін шатастыру, яғни анахронизм – аңыздардың көркемдік белгілерінің бірі.

Екі туыстас халықтың достығы Есімнен кейінгі кезеңде де жалғасын табады. Салқам Жәңгір ханның тұсында қазақтар қырғызға араша түсіп, Орбұлақ шайқасында жоңғарлармен соғысады. Қазақты билеген ата-бабаларының қырғыздармен достығы Тәуке ханның билігі кезінде күшейеді. Ол тұста қырғыздар саяси тұрғыдан қазаққа қарап, Тәуке хан қырғызды Тиес би арқылы билейді. Ш. Уәлиханов Тиес пен Тәукенің достығы мызғымас бірліктің үлгісіндей болып саналды деп жазады [8, 77-б.].

Ал Жошы ұлысы құрамында ұзақ уақыт бірге болған қазақ пен қарақалпақ арасында ежелден туыстық, достық қарым-қатынас орнайды. Тарихы, тілі, діні, тұрмыс-тіршілігі, рулық құрамы бір-бірімен өте ұқсас екі халық сыртқы жаудан қауіп төнгенде, бірігіп отырғаны тарихтан белгілі.

Тәуке ханның көреген, әділ, данышпан билеуші ретіндегі тағы бір ерекше қыры – Қатаған мен Жайма руы турасындағы Есім ханның тұсында орын алған кекті жойып, оларды хандық құрамына қайта кіргізуі, жаңа бітім жолын жасауға тартуы.

«Күлтөбе басындағы күнде кеңеске» қатысқан жеті би – Тәуке ханның бастамасымен қабылданған «жарғыны», яғни «бітім жолының» орындалуын өз аймақтарында қадағалайтын әкімшілік тұлғалар. Сондықтан ол заң жеті бидің қатысқанын рәміздейтін «Жеті жарғы» деген атауға ие болады. Себебі «жарғы» деген сөздің түпкі мағынасы, бүгінгі біздер айтып жүрген «бап» дегенді білдірмейді. Оның мағынасы «жариялау, жарыққа шығару» дегенге саяды. Қазіргі қолданысымыздағы «жарлық» атау осы түбірден туындаған. Жеті би жарлықты қадағалаушы болғандықтан, «жарғышы» деп атанған. «Жарғышыдан» қазіргі қолданысымыздағы «жарғы» сөзі қалыптасқан. Бұл атау қалмақ тілінен қазаққа ауысқан. Оның қалмақ тіліндегі мағынасы әкімшілік істерге көмектесетін көмекшілер дегенге саяды.

Қазақ арасына аталған атау түпнұсқада орнығып, оның қазақша баламасы ретінде «іс бітірушілер» деген ұғым қолданған. Түштеп келгенде, бұлардың мағынасы алшақ емес, бір-біріне жақын.

Іс бітірушілер – рубасы билер. Көшпелі хандық мемлекеттерде билер – нақты ру-тайпалардың басшысы, көсемі. Ру-тайпа – адам ресурсы мен материалдық байлықтың басты көзі. Көшпелі хандық жүйе ру-тайпалардың бірігуінен құралатын еді. Хандықты құрайтын ру көсемі, дала аристократиясының өкілі ретінде билер – ықпалды саяси күш құрайтын ірі әлеуметтік топ [9, 191–192-б.]. Билеуші ханның таққа отыруы да – рубасы билердің қатысуымен жүзеге асатын саяси құбылыс. Шыңғыс ханның хан сайлануы сенімді бидің қатысуымен жүзеге асады [10, 46-б.].

Жошы мен Шағатай ұлыстарында рубасы көсемдерінің хан билігіне ықпалы зор болды. Айталық, Моғолстан хандарының тарихы жазылған М. Х. Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегінен де рубасы билердің хан сайлауға ықпалы мол болғанын көруге болады. Автордың атасы әмір (би ұғымының баламасы – авт.) Хұдайдадтың хан сайлаудағы беделінің зор болғандығы сонша моғолдар оны «өз қолымен алты ханды таққа отырғызған кісі» [11, 51–58-б.] деп аңыздайды.

Тәуке хан тұсында Жоңғар хандығының көрші Қазақ хандығы мен Орта Азия хандықтарына қарсы әскери қимылдары күшейе түседі. Азулы жоңғарлар шабуылдарына қарсы тұру үшін Тәуке хан қазақ ру-тайпаларын және туыстас халықтарды жұмылдыруға мәжбүр болады. Сондықтан ол хандықтың ішкі бірлігін нығайттып қол жинау үшін және оған көрші елдердің беделді рубасыларын жауға қарсы қимылдарға тарту үшін «Жеті жарғыны» қабылдануға күш салады.

Тәуке хан қазақ хандары мен рубасы билерін, көршілес елдердің көсемін Күлтөбеге жинап, солардың келісімімен «Жеті жарғыны» қабылдайды. Бұл қазақтардың туыстас халықтармен (қырғыз, қарақалпақ) біріге отырып, діні бөлек, ойы бұзық ойраттардың тегеуіріне тойтарыс беру талпынысы еді.

Тәуке ханның «Жеті жарғыны» қабылдауға мұсылмандық дін өкілдерінің ерекше ықпалы болғаны байқалады. Заңның басты баптарында дін өкілі қожалардың хан-сұлтандармен бірдей құқыққа ие болуы – жоңғарларға қарсы күреске Орта Азия хандықтарын жұмылдыруға ықыласты болған Бұқара, Самарқанд қалаларындағы дін орталықтарының әсерінен болғандығы анық.

Көршілес елдерде қалыптасқан саяси жағдайлар мен қазақ қоғамының көшпелі салтымен санасқан Тәуке хан түркі-моңғол империясында кең қолданған Шыңғыс ханның «Ұлы Жасағы» мен Орта Азияға кең тараған мұсылмандық дінінің идеологиясын біріктіре отырып, Қазақ хандығының жаңа заман шындығына лайықталған заң жоралғысы «Жеті жарғыны» жеті бидің талқысына салып қабылдайды. Бұл, бір жағынан, Шыңғыс жосығына сүйенген Жоңғар хандығының қыспағында, екінші жағынан, мұсылмандық Орта Азия хандықтарының шекарасында орналасқан Қазақ хандығының саяси өміріндегі аса бір маңызды оқиға еді. Осылайша, «Күлтөбенің басында

күнде кеңес» деген сөзде Үш орда қазақ жұртының туыстас халықтармен біріге отырып далалық өлкедегі көшпелі елдерге мәні ортақ мәселені ұзақ талқылаған деген мағына сақталған.

«Жеті жарғыдағы» басты саяси мәселе ретінде Алаш жұрты бір-бірін қандас деп қарап, өзара құлдыққа салмауға, құл етпеуге, бірін-бірі өлтіруге ант берісу, бәтуа қабылданғаны да байқалады. Себебі XVIII ғасырда туындаған тарихи оқиғалардағы билердің әрекеттері (Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресей бодандығына ру-тайпа көсем-билерінің қарсы болуы, Әбілқайырды өлтірген Барақты билердің сотына салуы – авт.) Құлтөбеде осындай саяси шешім қабылданғанын айғақтайды.

Тәуке хан «Жеті жарғы» бекітілген құрылтайды көшпелілердің ежелден келе жатқан салты бойынша далалық жерде (Құлтөбеде) қабылдайды. Құлтөбенің орны, тарихшы М. Тынышбаевтың пайымынша, Ташкент қаласынан 40 шақырым болатын Ангерен өзені жағалауындағы хан ордасы [6, 89-б.].

Бұл – көшпелі тұрмыстың қалпынан туған, хандықтың негізін құрайтын ру-тайпалардың саяси көзқарасына, тұрмыс-тіршілігіне ыңғайластырып жасалған, олардың көңілінен шығуға ұмтылған әрекет. Құрылтайды қалалық орталықта емес, далалық өлкеде өткізу – моңғол империясының құрамында болған көшпелі мемлекеттерге тән болған саяси құбылыс.

Тәуке ханның тұсында Ташкент, Түркістан қаласы қазақ хандығының діни, саяси әрі сауда орталығы болғанымен, көшпелі елдің тұрмыс-тіршілігі туралы саяси-әлеуметтік мәні бар мәселелер әлі де болса далалық жерде жиналатын үлкен құрылтайларда шешілетін көрініс орын алғандығы байқалады. Демек, «Құлтөбенің басында күнде кеңес» деп аталатын тіркестің екінші бір астары көшпелілер маңызды мәселерді қалада емес, далалық жерде талқыланатынан хабардар етеді.

Тәуке ханның қазақ ру-тайпаларының басын рубасылармен келісімге келе отырып бір орталыққа бағындырған ісі халық көкейінен шығып, Могилянды «Білге», Шыңғыс ханды «боғда», Алтын Орда ханы Жәнібекті «әз» деп атағаны секілді «Әз-Тәуке» деген құрметті атау береді. Бұл – оның ел басқаруда әділ, бейбіт жолды қалаған саяси қызметіне халық тарапынан берілген баға, себебі халықтың тарихи жады Тәуке ханның билік құрған уақытын «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» бейбіт, мамыражай кезең ретінде бағалайды.

Қаржылық қолдау туралы ақпарат

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің (IRN № BR 21882223) қаржылық қолдауымен жүзеге асырылды.

Қорытынды

Түйіндей келгенде, Қазақ Ордасының атақты үш биі, Қатаған, Жайма руларының билері және қырғыз, қарақалпақ халықтарының көсемдерінің қатысуымен XVII ғасырдың соңында қабылданған «Жеті Жарғыдағы» жөн-жосықтар, бітім жолы Қазақ хандығының кейінгі тарихына да қызмет етті. «Күлтөбе кеңесінен» кейін қазақ ру-тайпалары ел басына сын-қатер төнген уақытта бірнеше рет үлкен құрылтайға (Қарақұм, Ордабасы) жиналып, жоңғар қалмақтарына қарсы күресті жандадыруға ұмтылды.

«Күлтөбенің басында күнде кеңес» мәтел сөзінің астарында Тәуке хан жетекшілігімен «Жеті жарғы» заң-жосығы бүкіл халықтық құрылтай арқылы қабылдаған саяси оқиғаның жаңғырығы орын алған. Заң-жосықты қабылдауға Үш жүз қазақпен қатар, туыстас қырғыз, қарпақалпақ халықтарының ру-райпа көсемдері, яғни жалпы саны жеті би қатысқандықтан оны «Жеті жарғы» деп аталған.

Жеті би – өздеріне тиісті өлкелерде заңның орындалуын қадағалайтын жарғышы, басқаша айтсақ, ханның әкімшілік өкілі. Сонымен қатар «Жеті жарғы» – Қазақ хандығының бір тұтас тегеуірінді мемлекетке айналғандығын және көршілес көшпелі түркі тайпаларымен саяси одақ құрған тарихи оқиғаны рәсімдеген құрылтай. Оны рәсімдеу Күлтөбедегі хан ордасында өтеді. Сол оқиғаның тарихи жаңғырығы халық жадында «Күлтөбенің басында күнде кеңес» деген аңсар мен құрметке толы мәтел сөзбен өрнектелген.

Өз-Тәукенің тұсында «Жеті жарғыны» талдауға әрі қабылдау үшін құрылтайға қазақтың Үш жүзінен қатысқан Үйсін Төле, Қаздауысты Қазыбек, Алшын Әйтеке билердің есімдері – халық аңыздарында, ұлттың тарихи жадында Үш жүздің тұтастығы мен бірлігі рәмізі ретінде сақталып жетті.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Маковецкий, П. Е.** Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. Материальное право. Выпуск X. – Омск : Типогр. окружн. штаба, 1886. – 71 с.

2 **Гродеков, Н. И.** Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Том первый. Юридический быт. – Ташкент : Типо-лит. С. И. Лахтина, 1889. – 205 с.

3 **Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.** Шығармалары. 8 том. – Павлодар : «ЭКО» ҒӨФ, 2006. – 452-б.

- 4 **Құдайбердіұлы, Ш.** Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы : Қазақстан-Сана, 1991. – 80-б.
- 5 **Құнанбаев Абай (Ибраһим).** Шығармаларының толық жинағы. – Алматы : Қазақтың біріккен мемлекеттік баспасы, 1948. –502-б.
- 6 **Тынышпаев, М.** Великие бедствия... (Ақтабан-шубырынды). – Алма-Ата : Жалын, 1992. – 152 с.
- 7 **Валиханов, Ч. Ч.** Соб. соч. в пяти томах. Том 1. – Алма-Ата : Гл. Редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. – 432 с.
- 8 **Валиханов, Ч. Ч.** Соб.соч. в пяти томах. – Алма-Ата : Гл. Редакция Казахской советской энциклопедии. Том II. 1985. – 416 с.
- 9 **Absadyk, A.** Khan Abilay & folklore : Monograrh / Qostanai : Shapaq, 2020. – 216 p.
- 10 **The Secret History of the Mongols A Mongolian Epic Chronicle of the Thirteenth Century / By Igor de Rachewiltz.** – The Australian National University, 2015. – 270 p.
- 11 **Dughlat Muhammad.Haidar.** The Tarikh-I-Rashidi. A history of the Moghuls of Central Asia / London Sampson Low, Marston and Company LD. Originally published 1895, Published by Forgotten Books, 2013. –535p.

References

- 1 **Makovetsku, P.** Materialy dlya izucheniya yuridicheskikh obychaev kirgizov. Material'noe pravo [Materials for the study of the legal customs of the Kyrgyz. Substantive law]. Vypýsk H. Omsk. Tipogr. okryjn. shtaba, 1886. – 71 p. [In Russian].
- 2 **Grodekov, N. I.** Kirgizy i karakirgizy Syr-Dar'inskoj oblasti. Tom pervyj. YUridicheskij byt [Kirghiz and Kara-Kirghiz of the Syr-Darya region. Volume one. Legal life]. – Tashkent : Tipo-lit. S.I. Lahtina, 1889. – 205 p. [In Russian].
- 3 **Mashhur Zhusip Kopeiuli.** Shy`farmalary`. 8 tom. [Works. 8 volumes]. – Pavlodar : «ЕКО» ЁЃФ, 2006. – 452 p. [in Kazakh].
- 4 **Qudaiberdiuly, Sh.** Túrrik, qyrǵyz-qazaq hám handar shejiresi [Turkish, Kyrgyz-Kazakh and Khan genealogy]. – Almaty : Qazaqstan-Sana, 1991. – 80 p. [in Kazakh].
- 5 **Qunanbaev Abai (Ibrahim).** Shyǵarmalarynyń tolyq jinaǵy. [Completed collection of works]. – Almaty : Kazakh United State publishing house, 1948. – 502 p. [in Kazakh].
- 6 **Tynyshpaev, M.** Velikie bedstviya... (Aktaban-shýbyryndy) [Great disasters... (Aktaban-shýbyryndy)]. – Alma-Ata : Jalyn, 1992. – 152 p. [In Russian].

7 **Valhanov, Ch. Ch.** Sob. soch. v pyati tomakh [Personal op. in five volumes. Volume 1. – Alma-Ata : Ch. Editorial office of the Kazakh Soviet Encyclopedia, 1984. – 432 p. [In Russian].

8 **Valhanov, Ch. Ch.** Sob. soch. v pyati tomakh. [Personal op. in five volumes. Volume II. – Alma-Ata : Ch. Editorial office of the Kazakh Soviet Encyclopedia, 1985. – 416 p. [In Russian].

9 **Absadyk, A.** Khan Abilay & folklore : Monograrh / Qostanai : Shapaq, 2020. – 216 p.

10 The Secret History of the Mongols. A Mongolian Epic Chronicle of the Thirteenth Century / By Igor de Rachewiltz. – The Australian National University, 2015. – 270 p.

11 **Dughat Muhammad. Haidar.** The Tarikh-I-Rashidi. A history of the Moghuls of Central Asia / London Sampson Low, Marston and Company LD. Originally published 1895, Published by Forgotten Books – 2013. – 535p.

26.03.24 ж. баспаға түсті.

15.04.24 ж. түзетулерімен түсті.

03.06.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. А. Абсадык¹, А. Б. Саулебаева²

¹Костанайский региональный университет

имени А. Байтурсынулы,

Республика Казахстан, г. Костанай;

²КГУ «Общеобразовательная школа № 23 имени М. Козыбаева»,

Республика Казахстан, г. Костанай

Поступило в редакцию 26.03.24.

Поступило с исправлениями 15.04.24.

Принято в печать 03.06.24.

ТАУКЕ ХАН И СЕМЬ БИЕВ (ПОДТЕКСТ ПОГОВОРКИ «СОВЕЩАНИЕ НА ХОЛМЕ КУЛЬТОБЕ»)

Героические подвиги ханов-султанов, храбрость батыров и биев, основавших Казахское ханство и защищавших государство в сражениях и политической арене силой оружия или дипломатии, сохранились наряду с историческими трудами и в фольклоре. Особое значение имеют предания, где преобладают информационно-познавательные функции.

Повествования исторической действительности в некоторых преданиях, передаваемых из поколения в поколение на протяжении

многих веков, затемнялись, интегрировались в пословицы-поговорки, символизирующие важные периоды в истории страны. Одной из таких поговорок является «Совецание на холме Культобе».

По содержанию предания упомянутой *курултай* был создан по инициативе Тауке-хана и принят закон «*Жети жаргы*» («Семь уложений»). По его утверждению участие принимали три *би-старшины* от Казахской Орды, а также представители родов Катаган, Жайма и главы родственных кыргызских и каракалпакских народов – всего семь *би-старшин*. Основная причина, по которой принят закон «Семь уложений» – это участие в его создании семь *би-старшин*. Значение слова «*жаргы*» в калмыцком языке означает «администратор».

Семеро участников схода в Культобе являются представителями хана в соответствующих родо-племенных объединениях, блюстителями правил закона, утвержденных в *курултае*. Поэтому в содержании преданий их называют «исполнителями».

«Совецание на холме Культобе» – *курултай*, где утвердился свод законов, а также прозвучало оглашение о формировании политического союза с соседними тюркскими народами с целью противостояния джунгарскому нашествию, которое стало угрожать не только Казахскому ханству, но и всей Средней Азии. Отголосок такого исторического события в памяти народа отражен в поговорке «Совецание на холме Культобе». Раскрытие смысла поговорки открывает новые видения о политической истории Казахского ханства.

Ключевые слова. Казахское ханство, *Жети жаргы*, кыргызы, каракалпаки, *курултай*, политическая ситуация.

*А. А. Absadyk¹, А. В. Saulembayeva²

¹Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University,
Republic of Kazakhstan, Kostanay;

²M. Kozybayev Kostanay city comprehensive school № 23,
Republic of Kazakhstan, Kostanay.

Received 26.03.24.

Received in revised form 15.04.24.

Accepted for publication 03.06.24.

**TAUKE KHAN AND THE SEVEN BIS
(THE BACKGROUND OF THE SAYING
«THE MEETING ON KULTOBE HILL»)**

The heroic exploits of the sultan khans, the courage of the batyrs and elders who founded the Kazakh Khanate and defended the state in battles and the political arena by force of arms or diplomacy, have been preserved along with historical works and in folklore. Of particular importance are legends where information and cognitive functions predominate.

Narratives of historical reality in some legends, passed down from generation to generation over many centuries, have been obscured, integrated into proverbs and sayings symbolizing important periods in the history of the country. One of these sayings is «The meeting on Kultobe Hill».

According to the content of the legend, the mentioned kuryltai was convened on the initiative of Tauke Khan and the law «Zheti Zhargy» (Seven Codes) was adopted. According to him, three bi-elders from the Kazakh Horde took part, as well as representatives of the Katagan, Zhaima clans and the heads of related Kyrgyz and Karakalpak peoples – a total of seven bi-elders. The main reason why the law «Seven Codes» was adopted is the presence of seven elder bis in it. The meaning of the word «zhargy» in the Kalmyk language means «administrator».

Seven participants in the gathering in Kultobe are representatives of the khan in the corresponding tribal associations, guardians of the rules of the law approved in the kuryltai. Therefore, in the content of the legends they are called «performers».

«The meeting on Kultobe Hill» is a kuryltai, where a set of laws was approved, as well as the announcement of the formation of a political union with neighboring Turkic peoples in order to resist the Dzungar invasion, which began to threaten not only the Kazakh Khanate, but also the entire Central Asia. The echo of such a historical event in the memory of the people is reflected in the proverb «The meeting on Kultobe Hill». Revealing the meaning of the proverb opens up new visions about the political history of the Kazakh Khanate.

Keywords. Kazakh Khanate, Kirghiz, Karkalpaks, Jeti Zhargy, kuryltai, political situation

Теруге 03.06.2024 ж. жіберілді. Басуға 28.06.2024 ж. қол қойылды.

Электронды басылым

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 27,16. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, Нугманова М. М.

Тапсырыс № 4242

Сдано в набор 03.06.2024 г. Подписано в печать 28.06.2024 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 27,16. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4242

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz